

Келісемін:_____

«Ерке» жеке бөбекжай директоры

Бекітемін:_____

«Ерке» жеке бөбекжай әдіскері:

**2025-2026 оқу жылына арналған «ТҰЛПАР» мектепалды тобының
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Түсінік хат

2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін **міндетті құжаттардың тізбесін** және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы **«Біртұтас тәрбие, Адал азамат» бағдарламасы**;

- 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 ж 24 маусымдағы № 7 хаттамасы).

Білім беру ұйымы: «Ерке» жеке бөбекжайы

Топ : «Тұлпар» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, тізені жоғары көтеріп жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап кедергілер арасынан еңбектеу; Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен қағып алу; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Жалпы дамытушы жаттығу Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Арқаға арналған жаттығулар: Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді. жүруде тепе-теңдікті сақтайды.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

		Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға үйрету. Күтілетін нәтиже: ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады; сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды;
	Көркем әдебиет	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Күтілетін нәтиже:Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді
	Сауат ашу негіздері	Дыбыс туралы түсінік."Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға үйрету. Күтілетін нәтиже: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алады
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. (Қазақ халқының тұрмыстық заттары). Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор:Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы)ажырату. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Күтілетін нәтиже: , қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді анық айтуға
	Математика негіздері	Жиын: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні) құруға үйрету Сан және санау:10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6 санының пайда болуымен,0 ден 6 дейінгі цифрмен таныстыру.

		Шама:Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Күтілетін нәтиже: әртүрлі элементтерден түсі, өлшемі, пішінін құра алады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Адамгершілікке баулу Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Күтілетін нәтиже: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсінеді
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнатуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыра алады
	Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру(бояғышты акварельді сумен араластыру,қажетті түсті алу),қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау жәнебояуларды үйлестіру,өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Күтілетін нәтиже: Бояулармен жұмыс жасайды (бояғышты акварельді сумен араластырып қажетті түсті шығара алады
	Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массада мүсіндеудің ерекшеліктерін білуге үйрету. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. (шымшу,созу,алақанның ортасына салып домалату арқылы мүсіндеу әдістерін қолдану) Күтілетін нәтиже: Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массада мүсіндеудің ерекшеліктерін біледі
	Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер,шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алуға үйрету. Күтілетін нәтиже: қайшымен жұмыс істейді (түзу сызық бойымен, шаршыны қиғаш сызық бойымен кеседі, тікбұрыштың бұрыштарын кеседі, қиғаштап кеседі).
	Музыка	Музыка тындау: Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.

		Ән айту: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Билер: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Күтілетін нәтиже: музыканы сипатына қарай ажырата алады
Қазан	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Жүру: сапта бір-бірден екеуден, үшеуден жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; Тепе-теңдікті сақтау: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); Секіру: қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. Күтілетін нәтиже: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

	Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуға үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. Күтілетін нәтиже: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, дыбыстарды дұрыс, анықтай алады:
Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Күтілетін нәтиже: көркем шығарма мазмұнына эмоционалды түрде ілтипатын білдіреді
Сауат ашу негіздері	сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Күтілетін нәтиже: Сөздерді дыбыстық талдау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алады
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. (Қазақ халқының киім-кешегі). Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор.Екіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша (хабарлы) сөйлемдерді ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыланған
Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйрету. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 7 санының пайда болуымен, 0 ден 7 дейінгі цифрмен таныстыру Шама:заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа ұғымдарын бекіту. Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атауға үйрету. Күтілетін нәтиже:7 санын біледі. заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыра алады

	Қоршаған әлеммен танысу	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Еңбекке баулу. Өртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Күтілетін нәтиже: Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді, өзін-өзі құрметте алады
	Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімі (тақия) құрастыру, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Күтілетін нәтиже: Қағаздан қазақ ұлттық бас киімдерді ою-өрнектермен безендіре алады
	Сурет салу	Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу) Күтілетін нәтиже: заттардың жазықтықта әртүрлі орналасу мүмкіндігін түсінеді, тірі табиғат заттарын бейнелей алады
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. Күтілетін нәтиже: Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндей алады
	Жапсыру	Заттық жапсыру: Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Күтілетін нәтиже: қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды
	Музыка	Музыка тындау: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Ән айту: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын – жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

		Ойындар, хороводтар: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Күтілетін нәтиже: : Әннің сипатын қабылдап, дауысын дұрыс келтіріп орындай алады
Қараша	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әр түрлі қарқында секіргіштен аттап, жүруге үйрету. Тепе-теңдікті сақтау: әр қадам сайын допты алдынан, немесе артынан, қолдан – қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр, тақтай гимнастикалық скамейка бойымен жүруге үйрету. Жүгіру: кедергілерден өту арқылы әр түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқымен 1,5, 2 минут тоқтамай жүгіруге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүене отырып, етпетімен өрмелеуге үйрету. Секіру: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіруге үйрету. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 метр) басынан асыра лақтыруға үйрету. Сапқа тұру, сап түзету, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш, қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артына сапқа тұру, орынында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Арқаға арналған жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. Спорттық жаттығулар. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Спорттық ойындар: Бадминтон. Волянд ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттап отырып лақтыру. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүреді, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әр түрлі қарқында секіргіштен аттап, жүре алады
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу.

	Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуға үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, дыбыстарды дұрыс, анық айтады
Көркем әдебиет	Кішігірім мәтіндердің, ертегілердің, балалар өлеңдерінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; шығармадағы оқиға желісін қадағалауға, кейіпкерлерді өзара қарапайым қатынастарын анықтауға, иллюстрация бойынша әңгімелеуге үйрету; өзінің эмоциональді күйін сөзбен айта білу, ертегілердегі, өзінің эмоциональді күйін жеткізуге; әңгімелердегі, такпақтардағы бейнелердің кереғарлығын қабылдау Күтілетін нәтиже: Кішігірім мәтіндердің, ертегілердің, балалар өлеңдерінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады
Сауат ашу негіздері	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: берілген сөзге сөйлем құрай алады
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, мал өсіруде қажетті құрал-жабдықтардың атауын атай білуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға үйрету. Сөздік қор. Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (сұраулы) сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге үйрету. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта алады
Математика негіздері	Жиын: жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруге үйрету. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 8 санының пайда болуымен 0 ден 8 дейінгі цифрмен таныстыру. Шама: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Геометриялық фигуралар. денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.

		Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа ұғымдарын бекіту. Уақытты бағдарлау. Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауға үйрету. Күтілетін нәтиже: 8санын біледі. жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіре алады
	Қоршаған әлеммен танысу	Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. Көлік, байланыс құралдары Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Күтілетін нәтиже: белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын қолданады,қауіпсіздік ережелерін сақтайды
	Құрастыру	құрылыс материалдарының қасиеттерін ажырату заттарды көлемі бойынша топтастыру заттарды түсі бойынша топтастыру заттарды пішіні бойынша топтастыру Күтілетін нәтиже: заттарды көлемі,түсі ,пішіні бойынша топтастыра алады
	Сурет салу	Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Бояулармен жұмыс жасайды,қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояйды.
	Мүсіндеу	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. Күтілетін нәтиже: Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндей алады
	Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Жапсырудың түрлі әдістерін игерген, түрлі материалдарды жапсыра алады
	Музыка	Музыка тындау: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру. Ән айту: Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту.

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Ойындар, хороводтар: Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Әуеннің ырғақтық бейнесінұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнау. Күтілетін нәтиже: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерін ажырата алады
Желтоқсан	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Жүру: ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге үйрету. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. Жүгіру: жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіруге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу: бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өтуге үйрету. Секіру:бір орында тұрып (6-8 метр) биіктікке секіруге үйрету. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізуге үйрету. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Арқаға арналған жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауға үйрету. Спорттық ойындар. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізуге үйрету. Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Күтілетін нәтиже: әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіреді;
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-к, ж-ш, з-с, н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға үйрету.

		Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айта алады
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Күтілетін нәтиже: Балалар құрдастарымен және ересектермен жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен бөлісе алады.
	Сауат ашу негіздері	Дыбыстық талдау. дыбыстарды тиісті фишкалармен белгілеуге үйрету: қызыл – дауысты дыбыс, жасыл – ұяң, көк – қатаң дауыссыз дыбыстар, тиісті терминдерді дұрыс қолдану; алғашқы екпінді дауысты дыбысты табуға үйрету; дыбыстарды тиісті әріптермен белгілеуді, дыбыстар мен әріптер арасындағы айырмашылықты түсіндіру Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Күтілетін нәтиже: :қызыл – дауысты дыбыс, жасыл – ұяң, көк – қатаң дауыссыз дыбыстар, тиісті терминдерді дұрыс қолдана алады
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қысқы әсем табиғатынан әсер алуға баулу.(сипаттау). Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға жаттықтыру. Сөздік қор. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу.

	кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, Ұ, і, ғ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта алады
Математика негіздері	Жиын.бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйрету. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 9 санының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. Шама.Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйрету. Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтауға үйрету. Күтілетін нәтиже: 9 санының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрларды таниды,айта алады
Қоршаған әлеммен танысу	Адамгершілікке баулу Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек студе, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Күтілетін нәтиже: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай біледі
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Күтілетін нәтиже: Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істей алады
Сурет салу	Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу) Күтілетін нәтиже: Бейнелеу әдістерін штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен қолдана алады

	Мүсіндеу	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Күтілетін нәтиже: Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдана алады
	Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқарып жұмыс жасауға үйрету. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру Күтілетін нәтиже: Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін қолдана алады
	Музыка	Музыка тындау: Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ән айту: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қазақстан халықтарының халық билерінің элементтерімен таныстыру. Ойындар, хороводтар: Заттармен қимылдар жасай білу, сюжетті ойындарды сахналау. Би шығармашылығы: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу. Музыкалық аспаптарында ойнау: Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуын таниды
Қаңтар	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйрету. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. Жүгіру: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу. гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Секіру: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға (арақашықтықтығы 40 сантиметр), секіруге жаттықтыру. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты лақтыру және алға қарай жылжып, (арақашықтығы 4–5 метр) екі қолымен қағып алуға үйрету. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар.

		Спорттық жаттығулар. Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанауға үйрету. Спорттық ойындар. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізуге жаттықтыру Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға одан әрі жетілдіру. Күтілетін нәтиже: ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-н, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Артикуляциялық жаттығулар жасауға үйрету. Сөздік қор. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға үйрету Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға үйрету. Күтілетін нәтиже: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-н, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтады.
	Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Күтілетін нәтиже: санамақ, жаңылтпаш айтып,, жұмбақ шеше алады
	Сауат ашу негіздері	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді өзбетінше жаза алады
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға жаттықтыру. Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы

		Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта алады
	Математика негіздері	Жиын. жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруға үйрету. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыруға үйрету Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша түсі, пішіні, өлшемі,) материалы, қолданылуы, шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру дағдыларын жетілдіру. Геометриялық фигуралар. қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауға үйрету. Кеңістікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуге үйрету. Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Күтілетін нәтиже: жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтерді салыстыра алады
	Қоршаған әлеммен танысу	Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу. Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүнгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Күтілетін нәтиже: Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары біледі
	Құрастыру	Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Күтілетін нәтиже: Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істей алады
	Сурет салу	Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.

		Күтілетін нәтиже: көк,қою жасыл бояуларды араластыру арқылы гуашпен сурет сала алады
	Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Біртекті заттардан сюжеттер құра алады
	Жапсыру	Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: , шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істей алады
	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Ән айту: Бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Билер: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу. Күтілетін нәтиже: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырата алады
Ақпан	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйрету. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу Жүгіру: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйрету Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Секіру: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты лақтыру және алға қарай жылжып, (арақашықтығы 4–5 метр) екі қолымен қағып алуға үйрету. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Спорттық ойындар. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

		Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға одан әрі жетілдіру. Күтілетін нәтиже: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өте алады қолдарынан ұстап, жұптарымен айнала алады
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Сөздік қор. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесуге үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттей алады.
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға қатысады
	Сауат ашу негіздері	Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру Дыбыстық талдау. дыбыстарды тиісті фишкалармен белгілеуге үйрету: қызыл – дауысты дыбыс, жасыл – ұяң, көк – қатаң дауыссыз дыбыстар, тиісті терминдерді дұрыс қолдану; алғашқы екпінді дауысты дыбысты табуға үйрету; дыбыстарды тиісті әріптермен белгілеуді, дыбыстар мен әріптер арасындағы айырмашылықты түсіндіру Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Күтілетін нәтиже: Дыбыстық талдау. дыбыстарды тиісті фишкалармен белгілеуге үйрету: қызыл – дауысты дыбыс, жасыл – ұяң, көк – қатаң дауыссыз дыбыстар, тиісті терминдерді дұрыс қолдана алады
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды жалғастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру, қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айту дағдыларын жетілдіру. Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу жұмыстарын жалғастыру.

		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіруді жалғастыру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу Күтілетін нәтиже: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды, жұмбақтарды шеше алады.
	Математика негіздері	Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау:«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажыратуға, оларға дұрыс жауап беруге үйрету. Шама:Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алуға үйрету. Геометриялық фигуралар. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамытуға үйрету. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуге дағдыландыру. Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Күтілетін нәтиже: «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарға жауап бере алады, Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана алады
	Қоршаған әлеммен танысу	Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну. Күтілетін нәтиже: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы біледі
	Құрастыру	Құрылыс материалдарының түрлерін (ағаштан, пластмассадан, металдан жасалған конструкторлар, көлемді жұмсақ модульдермен таныстыру) материалдың әр түрлі түрлерін: мозаика, құрамалы-жиналмалы ойыншықтар, кесінді суреттер, пазлдарды құрастыруға баулу Күтілетін нәтиже: ағаштан, пластмассадан, металдан жасалған конструкторлар, көлемді жұмсақ модульдерден құрастыра біледі
	Сурет салу	Біртұтас сюжеттік желіден сурет салуға арналған қарапайым заттарды/олардың бөліктерін бейнелеу үшін негізгі геометриялық пішіндерді пайдалану көлемі бойынша әр түрлі бір текті заттарды, бөліктерді суретте симметриялық орналастыра отырып бейнелеу геометриялық пішіндер мен өсімдіктік элементтерді өрнекте 1-2 элементтен кезектестіре отырып ырғақты орналастыру Күтілетін нәтиже: Біртұтас сюжеттік желіден сурет салуға негізгі геометриялық пішіндерді пайдалана алады

	Мүсіндеу	Қарапайым геометриялық пішіндердің негізінде пішіні, мөлшері, көлемі әртүрлі жануарлардың, құстардың үлгілерін, басқа да таныс заттарды пластилин мен саздың кесегінен үзіп ала отырып, шынайы түрінен мүсіндеу Қозғалған адам мен жануардың денелерінің қарапайым пішіндерін пропорцияны есепке ала, пішінге тік немесе көлденең қалыпты бере отырып, пішіндердің бөліктерін бір-біріне жабыстырып біріктіре, біріктірілген орнын қырнауышпен тегістей отырып мүсіндеу кейіпкерлерге тән бөліктерді (құлақ, аяқ, қанат) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді (жаю, домалату, қырнауыштың көмегімен басу, жалпайту) пайдаланып, бөліктерін құрамдастырылған тәсілмен біріктіре отырып мүсіндеу Күтілетін нәтиже: әртүрлі жануарлардың, құстардың үлгілерін, басқа да таныс заттарды пластилин мен саздың кесегінен үзіп ала отырып, шынайы түрінен мүсіндей алады
	Жапсыру	Қағаз бетіне негізгі элементтерін ерекшелей отырып, 3-5 бөліктен құралатын жануарлардың бейнелерін жабыстыру суретті аяқтау (тұмсығын, көзін, аяғын) тәсілін пайдалана отырып, бірнеше бөліктен (бас, дене, құйрық) құралатын құстардың бейнесін жабыстыру Күтілетін нәтиже: Қағаз бетіне, 3-5 бөліктен құралатын жануарлардың бейнелерін жабыстыра алады
	Музыка	Музыка тыңдау: Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Ән айту: Қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Ойындар, хороводтар: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкалық аспаптарында ойнау: Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу. Күтілетін нәтиже: Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдай алады
Наурыз	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүруге, қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйретуді жалғастыру. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу дағдыларын жетілдіру. Жүгіру: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйретуді жалғастыру. Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеуге жаттықтыру. Секіру: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіруге, биіктіктен секіруге, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіруге үйретуді жалғастыру. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты лақтыру және алға қарай жылжып, (арақашықтығы 4–5 метр) екі қолымен қағып алу қасиеттерін жетілдіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға, орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту.

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Арқаға арналған жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар. Спорттық жаттығулар. Велосипед, самокат тебуге үйрету. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге үйрету. Оңға және солға бұрылуға үйрету. Спорттық ойындар. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге үйрету.. Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға одан әрі жетілдіру Күтілетін нәтиже: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өтеді, қолдарынан ұстап, жұптарымен айнала алады
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу дағдыларын жетілдіру. Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу дағдыларын жетілдіру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру машықтарын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастай алады, әңгімелесушіні мұқият тыңдайды:сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере алады
	Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Күтілетін нәтиже: шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалай алады
	Сауат ашу негіздері	Дыбыстық талдау.дыбыстарды тиісті фишкалармен белгілеуге үйрету: қызыл – дауысты дыбыс, жасыл – ұяң, көк – қатаң дауыссыз дыбыстар, тиісті терминдерді дұрыс қолдану; алғашқы екпінді дауысты дыбысты табуға,дыбыстарды тиісті әріптермен белгілеуді, дыбыстар мен әріптер арасындағы айырмашылықты білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: алғашқы екпінді дауысты дыбысты табады,дыбыстарды тиісті әріптермен белгілей алады
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта.

		туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуге дағдыландыру Байланыстырып сөйлеу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және сонын ойдан құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құра алады
	Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрылатындығы туралы түсініктерін одан әрі дамыту. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруға үйрету. Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білу дағдыларын одан әрі жетілдіру. Геометриялық фигуралар. қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету. Кеңістікті бағдарлау. қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») реттілігі туралы білімдерін бекіту. Күтілетін нәтиже: 10 көлеміндегі сандарды салыстыра алады, Сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде ұғымдарын анықтай алады
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Өсімдіктер әлемі Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Туған өлкенің өсімдіктерін біледі, ажырата алады
	Құрастыру	Қазақ халқының табиғи материалдан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасалуымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу және қалдық заттардан құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдан қазақ халқының бұйымдарымдарын құрастыра алады
	Сурет салу	Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ак және түрлі-түсті фондары қолдана отырып, түсті таңдау. Қазақ ою-өрнектерінің түрлі («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән

		элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғары, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіріп, ак және түрлі-түсті фондарды қолдана алады
	Мүсіндеу	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын мүсіндей алады
	Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруге үйрету. Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының тұрмыстық заттарын біледі, оларды қиып жапсыра алады, ою-өрнектермен безендіреді
	Музыка	Музыка тыңдау: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің немесе шығарманың сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Ән айту: Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау. Ойындар, хороводтар: Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру. Билер: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу. Күтілетін нәтиже: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әннің немесе шығарманың сипатына сәйкес би қимылдарын орындай біледі

Сәуір	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. салдым Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүруге, қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйретуді жалғастыру. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу дағдыларын жетілдіру. Жүгіру: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйретуді жалғастыру. Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеуге жаттықтыру. Секіру: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіруге, биіктіктен секіруге, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіруге үйретуді жалғастыру. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты лақтыру және алға қарай жылжып, (арақашықтығы 4–5 метр) екі қолымен қағып алу қасиеттерін жетілдіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға, орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар.
--------------	----------------------	--

		Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар.Спорттық жаттығулар. Велосипед, самокат тебуге үйрету. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге үйрету. Оңға және солға бұрылуға үйрету. Спорттық ойындар. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге үйрету Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға одан әрі жетілдіру. Күтілетін нәтиже: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіруге, тұрған орнында айналып секіруге, биіктіктен секіруге, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіре алады
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор: Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге, монологты байланыстырып құра білуді, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру:сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану дағдыларын арттыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айта алады.
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру қасиеттерін қалыптастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Сахналық қойылымдарға қатысып, ондағы рөлді,сюжетті таңдай алады
	Сауат ашу негіздері	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу машықтарын жетілдіруге үйрету. Күтілетін нәтиже: қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап сызықтарды үзбей сала алады

	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуда балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру бағытында егіншілікке қажетті құрал жабдықтары туралы сөздермен толықтыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, және осы дыбыстардан тұратын сөздер арқылы сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру. Сөздік қор:егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыра отырып өз ойларын жеткізуге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату дағдыларын нақтылай отырып, сөйлегенде қолдана білуін бақылау. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндігін байқау. Байланыстырып сөйлеу. Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру, шығарманы рөлдерге бөліп сомдау, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізу барысында баланың өзіндікшығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: егіншілік кәсіпке байланысты сөздермен толықтыра отырып өз ойларын жеткізе біледі
	Математика негіздері	Жиын. жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретіні туралы түсініктерін нақтылау. Сан және санау. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Шама:Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдану дағдыларын, заттарды салыстыруда, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алуда білімдерін көрсете білуге баулу Геометриялық фигуралар. 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыруға үйрету. Кеністікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру мүмкіндіктерін жетілдіру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. Күтілетін нәтиже: 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыра алады
	Қоршаған әлеммен танысу	Менің Отаным – Қазақстан. Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, Ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Жануарлар әлемі Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау

		арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); коректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу және т. б.); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл және т. б.) бойынша топтастыру. Күтілетін нәтиже: Мемлекеттік Әнұранды жатқа біледі,оның маңыздылығын түсінеді. қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырата алады
	Құрастыру	Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыру, жұмысты бірге келісіп орындау, дайын құрылыспен ойнап, ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету. Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерту, жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтауды меңгерту. Күтілетін нәтиже: дайын құрылыспен ойнап, ұжыммен бірге жұмыс істей алады
	Сурет салу	сызықтардың түрлерін (түзу, қисық, толқынды, тұйық, иір-иір, ирек) пайдалана отырып, қарапайым заттарды мен сұлбалардың суретін салу әртүрлі сызықтардың көмегімен қарапайым сәндік өрнектерді және қазақ оюының элементтерінің суретін салу Күтілетін нәтиже: түзу, қисық, толқынды, тұйық, иір-иір, ирек сұлбалардың суретін сала алады
	Мүсіндеу	Зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасауға үйрету. Күтілетін нәтиже: әртүрлі пішінді кескіштерді қолданып, Зергерлік бұйымдардың бетіне бедерлер мүсіндей алады
	Жапсыру	Кайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды. таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды; қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді; жұмыс тәсілдерін таңдайды және түсіндіреді; бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады; сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады; жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасайды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқарады; сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді; шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істейді. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып ою-өрнектермен безендіріп жапсыра алады
	Музыка	Музыка тыңдау: Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Ән айту: Сезіммен, ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.

		Ойындар, хороводтар: Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету. Би шығармашылығы: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу. Күтілетін нәтиже: Қазақстан композиторларының шығармаларын біледі
Мамыр	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүруді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүруді; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертуді, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүруді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу дағдыларын бекіту. Жүгіру: әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруді; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіруді бекіту. Еңбектеу, өрмелеу: заттардың арасымен төрттағандап еңбектеуді, әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп, бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелеу дағдыларын бекіту. Секіру: заттардың арасымен секіреді, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан, тұрған орнында айналып секіру дағдыларын бекіту. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алу, допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алу машықтарын бекіту. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: қатарға бір-бірден тұруын, бір орында бұрылуын, үш қатарға сап түзеп қайта тұра алуын бекіту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасайды; Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар. Жыл бойына үйренген аяққа арналған жаттығулар түрлерін орындау. Спорттық жаттығулар. екі дөңгелекті велосипед, самокат тебеді; спорттық жаттығуларда белсенділігін танытады. Спорттық ойындар. ойындарда физикалық қасиеттерін: жылдамдығын, күшін, шыдамдылығын, икемділігін, ептілігін және жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділігін көрсетеді. Қимылды ойындар. қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды, ұлттық қимылды ойындар, қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруда белсенділік танытады; Күтілетін нәтиже: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүруді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүруді; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертуді, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүруді; жүруде тепе-теңдікті сақтап жүре алады

	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады. Сөздік қор. сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады; зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтуға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданады. Байланыстырып сөйлеу. құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алады, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнайды; әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді; негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды, өз пікірін айтады; әңгімелерді бірізді айтып береді; Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады; бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады; айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады;
	Көркем әдебиет	Шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды; себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады; өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқиды; мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады; кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді; көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға қатысуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдай алады
	Сауат ашу негіздері	Сөздің мағынасын түсінеді; сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды; сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды; берілген буынға сөз құрастырады; үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды; сөйлем сөздерден тұратынын біледі; берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады; қаламды дұрыс ұстай алады; жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады; дыбыстардың белгілерін (дауысты/дауыссыз) ажыратады. Күтілетін нәтиже: әдеби жанрларды ажыратады, өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқиды
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. қоршаған ортаға өзінің қарым қатынасын білдіреді; Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстарының дыбыстық мәдениетін меңгереді. Сөздік қор: сөздерді дұрыс айтады; Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолданады және түсінеді, оларды сөйлегенде белсенді қолданады. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздегі дыбыстардың орнын ажыратады; Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі.

		Байланыстырып сөйлеу. өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге тырысады, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдайды; әңгімелесушіге сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді; таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады; тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізеді; кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен береді; шығарманы рөлдерге бөліп сомдайды, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізеді; тыңдалған шығарманы еркін талқылауға қатысады; бір-бірімен еркін диалог құрады; өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады; ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды; Күтілетін нәтиже: ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын анық айта алады
	Математика негіздері	Жиын. жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден тұрады; жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді; Сан және санау:Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Шама:әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы); заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтайды; заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады; заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады; Геометриялық фигуралар. геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды; қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды; Кеңістікті бағдарлау. қағаз бетінде бағдарлай біледі, заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі; пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды; түрлі сызықтарды салуға үйрету. Уақытты бағдарлау: апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауға үйрету. Күтілетін нәтиже: апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша, айларды ретімен атай алады
	Қоршаған әлеммен танысу	Көлік, байланыс құралдары Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Жол қозғалысы ережелері Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдмасы», «автобус аялдмасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін және оны қорғау, сақтау керек екендігін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. Өткенді қайталау. Күтілетін нәтиже: Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау біледі

	Құрастыру	Ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастырады; құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастырады; өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады; бейнені кескіні бойынша қияды; қалдық және табиғи материалдан құрастырады; Күтілетін нәтиже: құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастарады, өзінің құрастырған құрылысын талдай алады
	Сурет салу	Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді; тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді; түстерді өз қалауы бойынша таңдайды; бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі; өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады; сурет салуда әртүрлі техниканы қолдануға үйрету. Күтілетін нәтиже: өз жұмысының нәтижелерін бағалайды,сурет салуда әртүрлі техниканы қолдана біледі
	Мүсіндеу	сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі; шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді; қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді; мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдануға үйрету. Күтілетін нәтиже: шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді
	Жапсыру	қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды; таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды; қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды,оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді; жұмыс тәсілдерін тандайды және түсіндіреді; бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады; сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады; жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасайды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқарады; сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді; шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істейді; Күтілетін нәтиже: қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия алады.
	Музыка	Музыка тыңдау: Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Ән айту: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Ойындар, хороводтар: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Аспаптардың аттарын білу, олардың тембрін тану. Қарапайым әуендерді ырғақпен ойнау, ойынды әнмен сүйемелдеу. Күтілетін нәтиже: Аспаптардың аттарын біледі. Қарапайым әуендерді ырғақпен ойнау, ойынды әнмен сүйемелдей алады

